



Бекітемін

«Гүлдер» балабақшасының
Гүлдер-директоры: М.Е.Овезова
Мұнапайлы

2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Түймедақ» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Тәрбиешісі: Джумабаева Гүлбану

Жоспардың құрылу кезеңі: **04.12 - 08.12.2023ж.**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстелдердің жанына орындықтарды қою. Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. (еңбек дағдылары)	Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету. (еңбек дағдылары)	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Кітап бұрышын тазалау. Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын,	"Топ-топ басайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету. Топ, топ, топ, топ басайық (шенберге тұру) Жалаудан күн жасайық (қоладарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға бейімдеу; ұсақ қол моторикасын дамыту. Күн денесін құрайық, (Алақандарды жоғары көтеріп, оңға-солға бұраңдау) Қолды жайып бұрайық, Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу)	"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен") Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.	"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Қарапайым сюжетке біріктірілген әртүрлі ойыншықтармен әрекеттердің үлгісін беру. (танымдық дағдылар) "Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны

	<p>жағымды эмоцияларды дамыту. Бас бармақ – атам, Балан үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен, Міне, менің барлық отбасым. Құралдары: саусақтарға кигізілетін маскалар. Көркем сөз. Достарды жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкені үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Пирамидаларды құру жаттығулары. Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар)</p>	<p>Жаса, жаса, алтын күн Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанаты. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңгі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сәулелерді шашайық. Саусақтармен жыбырлап, (Саусақтарды алақанға жинап, қайтадан жазып, ашу) Сәулелерді шашайық. Шапалаққа қағайық, (Шапалақ қағу) Көңілді болайық. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Үстел үсті ойыны: "Жұп суреттер". Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін қалыптастыру, назар аудару, зейін қою, сөйлеуді дамыту, ойын ережелерін дұрыс орындауға үйрету. Тәрбиеші балаларға суреттер таратады. Балалар бірдей суреттерді тауып, атауларын атайды. Қай бала дұрыс айтады, сол балаға арнайы фишкалар беріледі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>"Пойыз келе жатыр" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ. (Саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату) Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара ұқалау) Қуанышпен қарсы алады: - Алақай! Алақай! (Алақандармен шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанаты). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанаты). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 				

	<p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Қуырмаш"саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. "Шапалақты тыңда" топтық ойыны. Мақсат-міндеттер: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Балалар, қанша дыбыс естідіңдер? (музыка)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қар үйіндісінің артында не жасырылған?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендіру. Барысы: қатырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас киім, қолғап, шаңғы, коньки), балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды. (танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Сөздер тізбегі" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік қорын байыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамаға) жататын сөздерді айтып жатады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Жаңа доп". Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен</p>	<p>Дене шынықтыру "Допты дәлдеп лақтыр". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта</p>	<p>Музыка "Қыс қызығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне</p>	<p>Дене шынықтыру "Тез адымдап жүреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта</p>	<p>Қазақ тілі "Шыршаның бастан кешкендері" Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында</p>

	арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету.	отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыруға үйрету.	қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдауды үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуді үйрету.	отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту; көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру іскерліктерін жетілдіру.	өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту. Көркемсөз үлгілері арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. Суреттерге немесе жиі қайталанатын сөздерге сүйеніп, қазақ тіліндегі ақпаратты есту арқылы қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін және музыкаға эмоционалды қарым-қатынасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген қайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекпен қолдану қабілетін	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын

	<p>Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.</p>	<p>бекіту. (еңбек дағдылары) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.</p>	<p>тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.</p>	<p>қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру)</p>	<p>терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Жуын тамақ алдында,				

	Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақымақтар тізімі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық "Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен адына-артына тербелу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Түскі асқа көңілдерін аудару, тамақтану мәдениетін қалыптастыруға жеке жұмыстар жүргізу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Тәуелсіздік алған күн" Мақсат-міндеттер. Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Біздің астанамыз — Астана қаласы. Дауыссыз [С] дыбысы". Мақсат-міндеттер. Балаларда, еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында, дауыссыз [с] дыбысын буын, сөздер	Сурет салудан ойын-жаттығу "Домбыра" Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала қиылған домбыра сұлбасын мақтаға оралған, бояуға малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға үйрету. "Ою саламыз" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Құлыншақтың астанаға барар жолы". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы затты ұзындығы бойынша тұтастырып, салыстыруға үйрету; белгілі бір мерзім өлшеміне сәйкестеп, заттардың ұзындығын салыстыруға жаттықтыру; заттардың ұзын не қысқа екенін айтып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, көзбен мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Вариативті	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аквариумдағы алтын балық". Мақсат-міндеттер. Балықтар туралы көркем сөздер арқылы балалардың тілін жетілдіру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін және зейіні мен есте сақтауын, ойлау мен қабылдау қабілетін дамыту. "Таныс пішіндер доминосы". Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту;	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Тостаған". Мақсат-міндеттер. Балаларда ыдыс-аяқтың бір түрі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны, айналасы, шеттері сияқты бөліктерден тұратыны жайында түсінік беру. "Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сөйлеуді дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Құрал-жабдықтар: ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың кез келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс

	<p>құрамында айту тәртібімен таныстыру, астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру.</p>	<p>эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз: Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шенбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айкастырып, бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>компонент/Шығармашылық "Шыршаны безендірейік" ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттер. Балалардың Жаңа жыл алдында шыршаны безендіру ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; жапсыру әрекетінде балалардың шығармашылықтары мен икемділіктерін қалыптастыру; қағаздан шарлар мен тамшыларды жапсырып, шыршаны безендіре білуге үйрету; қысқы дәстүрлі мереке туралы түсінік беру.</p>	<p>көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді. (математика негіздері)</p>	<p>ойыншық немесе зат салады. Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Не өзгерді?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлауды дамыту, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойыншықтар жиынтығы. Ойын барысы. Мұғалім ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға қарауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып, жасырып қояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалғаса береді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)</p>	<p>"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. (математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Лото-жануарлар" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен</p>				

	киноін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".	Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".	Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері".	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.

11.12 - 15.12.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсетуге, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына деген құрметпен қарауды үйрету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін дұрыс киіндіру, қолын жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау). (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру. "Мемлекеттік рәміздер".	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш,	Санамалар айтқызу. "Кел, санайық санамалар" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он,	"Желбірейік туымыздай!" - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық. Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді), Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып,	"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Топ-топ басайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды

	<p>Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Орған терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Шырша бұтасында ілінген шар".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету. Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".</p>	<p>жалаушаларын желбіретеді). Татулығы желбіреген (қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді), Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату.</p>	<p>мәтінде айтылған сөздерге сәйкес кимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге тұру) Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемейу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.</p>				

	<p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету. Педагог: - Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Біздің ел" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту. Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайрымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Патриоттық сезімді арттыруға, Отан туралы бейнефильм көрсету, тақпақ жаттау, ән айту. (музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Жайна елім менің!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және</p>	<p>Музыка "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне</p>	<p>Дене шынықтыру "Мен - чемпион". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан</p>	<p>Қазақ тілі «Дана көшеге шығу үшін не киеді?». Киімдер. Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуды</p>

		бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру.	білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту.	асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту.	(атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтакты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см).</p>	<p>Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау).</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу.</p>	<p>Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау).</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай".</p> <p>Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір кесек қармен нысанаға тигіз.</p>	<p>Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту).</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)</p>	<p>Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері)</p> <p>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).</p> <p>Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)</p> <p>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын</p>

	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.	Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.	Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту.	Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек іс-әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Маса мен аңдар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Жер кіндігі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын қарыз» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман шыршасы".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру.</p> <p>Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық".</p> <p>Пантомима ойыны. "Қонжықтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аяз өрнектері".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».</p> <p>Шарты.</p> <p>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.</p> <p>Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады.</p> <p>Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Аяз ата туралы тақпақ жаттау".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлігімен таныстыру.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Жасыл шырша жанында".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету.</p> <p>Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>"Тәтті бал" тілге арналған жаттығу.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі.</p> <p>Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа</p>	<p>Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".</p> <p>Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетінің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.</p> <p>- Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіндер.</p> <p>Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Вариативті компонент/Әлеумет "Ойыншықтар" дүкені.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншық дүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру.</p> <p>"Ойыншықтар" қимылды жаттығуы.</p>

		есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (дене шынықтыру)		бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Жаттамақ жаттығуы. Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлық той! (сөйлеуді дамыту)	"Шалқан" ертегісін драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. (дене шынықтыру)	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>"Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Психолог кеңесі. Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру.</p>	<p>Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту.</p>	<p>"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?"</p>

18.12 - 22.12.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сақтауға арналған жеке шкафттарда тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Түстерін тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімді бекіту, зейінді дамыту.	"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы	"Үздіксіз ізде" (іздеу). Мақсат-міндеттер. Зейінді дамыту. 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (танымдық дағдылар) Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр".	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және	

		<p>Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттері бар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейін көк, сары және т.б. Балалар алдымен екі түсті суреттерді, содан кейін үш түсті суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Аяз атаның қабы". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.</p>	<p>жануарлардың суреттері бойынша. (танымдық дағдылар, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>"Қонжық орманда жүреді" кимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймандайды, теңселеді. (Маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймандайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды. Жерге түсіп, маймандайды. (Маймандап жүру) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Зат неге ұқсайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. (математика негіздері)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 				

	2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Аяз ата туралы тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Шырша туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жасыл шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Дене шынықтыру "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету.	Музыка "Жаңа жыл - жаңа нұр". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру.	Дене шынықтыру "Қош келдің, Жаңа жыл!" Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту.	Қазақ тілі "Қыстағы ойын - сауық түрлері" Мақсат-міндеттер. Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолданып қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы ойындар туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. Жалпы «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша сөйлесуді, есту арқылы қабылдауын, есту зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркемсөзге құштарлығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық				

	дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру) Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен</p>	<p>Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).</p> <p>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.</p> <p>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су</p>	<p>Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал.</p> <p>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.</p> <p>Ырым.</p> <p>Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.</p> <p>Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру) Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап</p>	<p>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.</p> <p>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.</p>	

		<p>белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Өз бетімен ойындар: балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.</p>	<p>құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.</p>	<p>алуға, ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы		<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.</p> <p>Аудио тыңдау.</p> <p>Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Қайық жаттығуы; (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>				

Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұстастырып, ұстап, сипап сезу және іс-тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; колдың ұсақ моторикасын, түйсік пен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. "Аяз" ойыны.</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық "Жылы бөкебай". Мақсат-міндеттер. Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Хан мен құмырсқалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру. "Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы.</p> <p>"Киіз басу" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. (шығармашылық дағдылар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтарымен танысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттер. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. "Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны.</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығулар. "Аққала үлкен болғысы келеді". Мақсат-міндеттер. Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету; көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқы ойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту.</p> <p>"Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым, ойыншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу) Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр тұзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау) Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау) Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау)</p>

		қалыптастыру.			
Балалармен жеке жұмыс		Жұмбақтар, жаңылтпаштар Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шакаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				

басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар".	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»	Кеңес беру. «Неліктен бала тыңдамайды?»

25.12 - 29.12.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдырса" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан кейін орындарына қою). (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті барлық керек-жарактарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. (еңбек дағдылары)	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. (еңбек дағдылары)	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу ниеттерін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,	"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі,

	<p>"Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады, ал ойыншылар (өзара келісіп) киімдерінде, дене қалыптарында бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, ол ең байқампаз атанады. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Айна". Балаға қарама-қарсы тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>маусымдық өзгерістерді талқылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Суреттерге қарау. Мақсат-міндеттер. "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жаңа жылдық сыйлықтар, ойыншықтар, шырша. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. (танымдық дағдылар)</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Тиін". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру.</p>	<p>материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p>				

	<p>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды (сөйлеуді дамыту)</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.</p>	<p>Музыка "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қыста дөңнен сырғанаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Қазақ тілі «Қыс бізбен қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі Мақсат-міндеттер. Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оқу, сөздерді анықтап айтуды үйрету; жақсы көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қыс» сөзімен қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сәйкесінше, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, есту арқылы қысқы табиғатқа туралы ақпаратты қабылдауын дамыту. «Қыс» тақырыбы бойынша сөйлесуді есту арқылы қабылдауын, есту</p>

					зейінін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін, жағымды эмоцияларын көрсете білу қабілетін дамыту. Байқағыштық қасиеттерін, сұлулық сезімдерін, көркем сөзге құштарлығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында колды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел</p> <p>Қыс қандай болса, жаз да осындай.</p> <p>Байқау: Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды.</p> <p>Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді)</p> <p>Балаларды достарының</p>	<p>Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.</p> <p>Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Бермеймін». (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау.</p> <p>Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек: ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.</p>	<p>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.</p> <p>Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалшы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.</p> <p>Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру.</p> <p>Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру.</p> <p>Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.</p> <p>Қимылды ойын «Аю апанында». (дене</p>	<p>Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>«Қарағай».</p> <p>Тау баурайын - жағалай, Биік-биік қарағай.</p> <p>Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай.</p> <p>Бақылау.</p> <p>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні);</p> <p>ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру.</p>	<p>Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. Жұмбақ.</p> <p>Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)</p> <p>Бақылау: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын</p>

	<p>жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек: Максат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.</p>	<p>Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәйкестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.</p>	<p>шынықтыру) Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.</p>	<p>Балаларды ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Шаңғы жарысы». (дене шынықтыру) Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. Еңбек: ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: алдынала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.</p>	<p>болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру) Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру Еңбек: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. Өз бетімен ойындар. Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Максат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қолғап". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп оқу; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.</p> <p>"Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу. Барысы: ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Педагогтің белгісі</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қардан мұнараларды салайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен ені бойынша тұтастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұтастыру және бірліктердің (кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру; есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеуді, зейінді, ой өрісін дамыту.</p> <p>Драматизация. Мақсат-міндеттер: "Айна" ертегі желісін алжапқыш театрын қолдану арқылы сахналау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Төбешіктен сырғанайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. Саусақ жаттығуы. "Қарды қолмен жинайық". Қарды қолмен жинайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу), Алақанда қысайық (екі алақанды айқастыра қосып, бір-бірін құшақтап, қысу; орындарын алмастыру), Қысып-қысып (алақандарды жеке жұдырықтарға қайта-қайта қысып, ашу), Дөңгелектеп, (жұдырықтарды айналдыру) Түзу жолмен айдайық (алақандарды өзінен ары қаратып, ашып-жабу). (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Вариативті компонент/Әлеумет "Аурухана" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды дәрігер қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру;</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қуыршақ Дананы серуенге шығару" тақырыбына әңгімелесу. Мақсат-міндеттер. Балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету.</p> <p>Драматизация. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>"Қыста не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Аққала". Мақсат-міндеттер. Балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындаш арқылы аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруда жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Қыс әні". Мақсат-міндеттер. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>

	<p>бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог үй жануарларын бір төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</p>	<p>жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету.</p>	<p>дәрігер қызметінің адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін кеңейту; дәрігердің құралдарын жатқа айтуға үйрету; ойын барысында шығармашылыққа баулу. "Аурухана" ойыны.</p> <p>"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.</p> <p>Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Педагог үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады. (қашықтығы 1,5-2м) Педагог "Бір! Лақтырамын. Екі! Лақтырамын. Үш! Лақтырамын. Кім жүйрік қағып алсын!" - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: "Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер" дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. (дене шынықтыру)</p>		
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Шырша" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Шырша" (Әдібай Табылдиев) Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі.</p> <p>Сылдырайды моншағы, Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады.</p>	<p>"Күміс қар" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Күміс қар" (Әли Ысқабаев) Қырларды жапты күміс қар, Далада жаңа тыныс бар. Бұталар жалт-жұлт етеді Кәдімгі бейне хрусталь. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"Қыс" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Қыс" (Ізтай Мәмбетов) Жаңа айлардың жаңа қары Жапалақтап жауады. Жайлы бір леп таралады, Жаңғыртады ауаны.</p> <p>Ұйқыдағы баладайын, Баладайын пәк жүрек. Ұйып қапты қырда қайың, Киім киіп ақ жібек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) Жаңа жыл! Жаңа жыл! Не әкелдің сен бізге? Бау-бақшаң толған гүл, Төлдерің семіз бе?</p> <p>Бауырсақ, балмұздақ, Концертке ... молсың ба? Бізді алға барғызбақ,</p>	<p>"Жаңа жыл" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Жаңа жыл" (Хамит Ерғалиев) жалғастыру. Жаңадан көп түрлі Машина бергейсің, Жаңадан көк сырлы Үйлерге кіргейсің.</p> <p>Жаңа жыл! Жаңа жыл! Жаңалық ізде сен! Жаңа ән, жаңа жыр Жазып бер бізге сен! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>

	Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			Сен жаңа жылсың ба? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Жаңа жылдық костюмдер" жеке әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер).	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Кеңес. "Балаларға ойнауға көп мүмкіндік беріңіз".	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса".	Кеңес. "Қиын бала қайдан шығады?".

